

**Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласындағы
әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын
реттеу жөніндегі Салалық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

Жалпы ережелер

1. Салалық комиссия, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес құрылған, әлеуметтік әріптестік жүйесінің тұрақты қызмет атқаратын органы болып табылады.

2. Салалық комиссия, Комиссияның тиісті тараптарын (әрі қарай – Тараптар) құрайтын Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің (әрі қарай – Министрлік) және «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай – Кәсіподақ) өкілдерінен тұрады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасы аумағының қолданысындағы Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық нормаларын, осы Ережені басшылыққа алады.

Салалық комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттері

4. Салалық комиссияның негізгі мақсаты әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік әріптестік Тараптарының мүдделерін келістіру болып табылады.

5. Салалық комиссияның негізгі міндеттері:

5.1. Әлеуметтік, еңбек және соларға қатысты экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді тетігін құру.

5.2. Қоғамның барлық топтары мүдделерінің объективті есебі негізінде, әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуге жәрдемдесу.

5.3. Еңбек саласындағы қызметкерлердің құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге жәрдемдесу, олардың әлеуметтік қорғанысын жүзеге асыру.

5.4. Барлық деңгейдегі әлеуметтік әріптестік тараптарының арасында кеңес беру және келіссөздер жүргізу процесіне жәрдемдесу.

5.5. Ұжымдық еңбек дауларын шешуге жәрдемдесу.

5.6. Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау.

5.7. Ұйым деңгейіндегі әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеудің жалпы принциптерін дайындау кезінде Министрліктің, Кәсіподақтың, Жұмыс берушінің теңқұқылық ынтымақтастығын қамтамасыз ету.

5.8. Кәсіподақтың, Жұмыс берушінің және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының арасында ұжымдық келіссөздердің жүргізілуіне,

аймақтық салалық келісімнің дайындалып және оның жасалуына жәрдемдесу.

5.9. Салалық келісім шарттарының орындалу барысын бақылау және ұйымдастыру.

5.10. Әлеуметтік әріптестік тәжірибелерін дамыту және тарату.

5.11. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссиямен өзара іс-қимыл.

Салалық комиссияның негізгі қызметтері

6. Салалық комиссияның қызметтері:

6.1. Тараптардың Бас келісімді, республикалық үшжақты комиссияның шешімдерін орындауын қамтамасыз ету.

6.2. Саланың бағдарламалық және стратегиялық құжаттарын қарау (Тараптардың бастамасы бойынша).

6.3. Әлеуметтік-еңбек жанжалдары мен ереуілдерді ескерту және болдырмау жөніндегі іс-шараларды дайындау және келістіру.

6.4. Жұмыспен қамтуға бағытталған шараларды келістіру және жұмыссыздық деңгейін қысқарту.

6.5. Салалық келісімді жасау және оның орындалуына мониторингті жүзеге асыру.

6.6. Саланың еңбек ақы жүйесінің негізгі принциптерін дайындау.

6.7. Біліктіліктің салалық шеңберін бекіту.

6.8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Кеңесті құру.

6.9. Ұжымдық еңбек шарттарын ескерту және шешу үшін еңбек арбитражы бойынша Кеңесті құру.

6.10. Келісімдер мен ұжымдық шарттарды дайындау және қабылдауға қатысу үшін бақылаушылар тобын құру.

6.11. Кадрлық потенциал мен біліктілікті дамыту жөніндегі үйлестіру орталығын құру.

6.12. Салалық комиссияның негізгі міндеттері мен мақсаттарына бағытталған басқа да қызметтерді жүзеге асыру.

Салалық комиссияның құқықтары

7. Салалық комиссия өзіне жүктелген негізгі міндеттерді орындау мақсатында:

7.1. Әлеуметтік және еңбек қатынастары саласында келісілген саясатты жүргізу мәселелерін өз мәжілістерінде қарауға;

7.2. Келісім жобасын талқылау, көрсетілген келісімді жүзеге асыру, комиссия шешімдерін орындау кезінде атқарушы органдардың, жұмыс берушілер мен қызметкерлер бірлестіктерінің мүдделерін келістіруге;

7.3. Атқарушы органдардан, жұмыс берушілер және (немесе) қызметкерлердің өкілдерінен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттейтін, жасалатын және жасалған келісімдер туралы ақпаратты сұрауға;

7.4. Өз шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға, ал жауапты тұлғалар оларды орындамаған жағдайда, әлеуметтік әріптестіктің

тиісті тарабына анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде ұсыныстар мен келісімнің шарттарын орындамаған кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде ақпарат жіберуге;

7.5. Атқарушы органдардан ұжымдық келіссөздер жүргізуге және келісім жобасын дайындауға, осы келісімнің орындалуын бақылауды ұйымдастыруға қажетті әлеуметтік жағдай туралы ақпарат сұрауға және алуға;

7.6. Әлеуметтік және еңбек қатынастары саласында нормативтік құқықтық актілерін дайындау жөнінде өкілетті мемлекеттік органдардың қарауына ұсыныстар енгізуге;

7.7. Ғалымдар мен мамандарды қатыстырып, жұмыс топтарын құруға;

7.8. Комиссия мәжілісіне атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің қызметкерлерін, сонымен қатар тәуелсіз сарапшыларды шақыруға;

7.9. Комиссиямен белгіленген мерзімде, атқарушы органдармен, жұмыс берушілер және қызметкерлер бірлестіктерімен қаралып және орындалуға міндетті болып табылатын бірлескен келісімдер мен шешімдерді қабылдауға;

7.10. Әлеуметтік және еңбек қатынастары мен әлеуметтік әріптестік мәселелері бойынша халықаралық, республикалық, аймақаралық мәжілістер, конференциялар, конгрестер, семинарларды осы шараларды ұйымдастырушылармен келісілген тәртіпте өткізуге қатысуға құқылы.

Салалық комиссияның құрамы мен құрылу тәртібі

8. Салалық комиссияның құрылу принциптері төмендегідей:

8.1. Атқарушы билік органдары өкілдерінің, жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерінің комиссия қызметіне қатысу міндеттілігі.

8.2. Тараптардың өкілеттілігі.

8.3. Паритетті өкілдік.

8.4. Тараптардың тең құқылығы.

8.5. Тараптардың өзара жауапкершілігі.

9. Салалық комиссия Тараптар өкілдерінің тең санынан – әрбір Тараптан бес адамнан паритетті бастама негізінде құрылады.

10. Министрлік және Кәсіподақ өздерінің өкілдерінің дербес құрамы мен оларды ротациялау тәртібін өз беттерінше анықтайды.

11. Салалық комиссияның шешімімен комиссия мүшелерінің қатарынан комиссия Төрағасы, комиссия төрағасының Орынбасары сайланады. Төраға және төраға Орынбасары бір Тараптан сайлана алмайды.

12. Салалық комиссия өзінің шешімімен әрбір тараптан екі өкілден жұмыс тобын құрады.

13. Жұмыс тобы өз қызметін Салалық комиссияның үйлестірушісі басшылығымен жүзеге асырып, комиссия мәжілісіне дайындықты қамтамасыз етеді.

Салалық комиссияның үйлестірушісі

14. Салалық комиссияның үйлестірушісі, Салалық комиссияның құрамына кірмейтін тұлғалар қатарынан Тараптардың бірлескен шешімімен тағайындалады.

Салалық комиссияның үйлестірушісі:

14.1. Тараптардың қызметіне араласпайды және дауыс беруге қатыспайды.

14.2. Салалық комиссияның жұмысына қатысу үшін Салалық комиссияның мүшелері болып табылмайтын жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдерін, атқарушы билік органдарының өкілдерін, сонымен қатар ғалымдар мен мамандарды, басқа ұйымдар өкілдерін шақырады.

14.3. Салалық комиссия мен жұмыс тобының жұмысын, хаттамалар жүргізуді, шешімдер жобаларын дайындауды және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

14.4. Тараптар көзқарастарының келісуіне жәрдемдеседі.

14.5. Салалық комиссия мәжілістерінің арасындағы мерзімде өз құзырлығы шамасында, шұғыл шешімдер қабылдауды талап ететін мәселелер бойынша, Тараптар өкілдерімен кеңестер беруді жүргізеді.

Салалық комиссия қызметінің принциптері, ұйымдастыруы мен тәртібі

15. Салалық комиссия төмендегідей принциптер негізінде әрекет етеді:

15.1. Тараптардың тең құқылығы.

15.2. Тараптардың мүдделерін есепке алу және көзқарастарын сыйлау.

15.3. Тараптардың бір-бірлерінің істеріне араласпау.

15.4. Келісімдік қатынасқа қатысуға Тараптардың мүдделілігі.

15.5. Тараптар мен олардың өкілдерінің заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді қадағалауы.

15.6. Әлеуметтік-еңбек қатынастарының саласына кіретін мәселелерді талқылау кезінде таңдау бостандығы.

15.7. Тараптардың өздеріне міндеттемелерді қабылдау еріктілігі.

15.8. Тараптардың өздеріне қабылдайтын міндеттемелер нақтылығы.

15.9. Келісімдерді орындау міндеттілігі.

15.10. Қабылданған ұжымдық шарттарды, келісімдерді орындауды бақылау.

15.11. Келіспеушіліктерді шешу кезінде бітімгерлік әдістерінің басымдылығы.

16. Салалық комиссия өз қызметін, шұғыл шешімдерді қабылдауды талап ететін мәселелерді қарау қажеттілігін ескере отырып, бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес жүзеге асырады.

17. Салалық комиссия мүшесі:

17.1. Салалық комиссияның, Салалық комиссияның жұмыс топтарының мәжілістеріне қатысады;

17.2. Салалық комиссия шешімдерінің жобасын дайындауға қатысады;

17.3. Салалық комиссия Төрағасы мен оның Орынбасарының тапсырмаларын орындайды.

18. Салалық комиссияның мүшесі:

18.1. Бекітілген тәртіпте Министрлікке, Кәсіподаққа, Жұмыс берушіге өтініш білдіруге және заңнамамен белгіленген мерзімде тікелей мәселеге байланысты қойылған сұрақтарына жазбаша жауап алуға;

18.2. Тиісті нормативтік құқықтық актілермен, ақпараттық және анықтама материалдарымен танысуға құқылы.

19. Салалық комиссияның шешімі, егер оған екі Тарап та дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады. Әрбір Тараптың шешімді қабылдау тәртібін сол Тараптың өзі дербес анықтайды.

20. Қабылданған шешіммен келіспейтін Салалық комиссияның мүшелері, өздерінің ерекше пікірлерін Салалық комиссия мәжілісінің хаттамасына енгізуді талап етуге құқылы.

21. Салалық комиссияның қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету Министрлікпен жүзеге асырылады.

22. Салалық комиссияның мәжілістерін өткізу үшін, Тараптар кезек бойынша тиісті орындар тауып ұсынады.

23. Салалық комиссия өз мәжілістерін күнтізбелік жыл ішінде, қажеттілікке орай кемінде екі рет өткізеді.

ПОЛОЖЕНИЕ
об Отраслевой комиссии по социальному партнерству и регулированию
социальных и трудовых отношений в сфере образования и науки
Республики Казахстан

Общие положения

1. Отраслевая комиссия является постоянно действующим органом системы социального партнерства, образованным в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан.

2. Отраслевая комиссия состоит из представителей Министерства образования и науки Республики Казахстан (Далее – Министерство) и ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников образования и науки» (Далее – Профсоюз), которые образуют соответствующие стороны Комиссии, (далее - Стороны).

3. Комиссия в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, Трудовым кодексом Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, международными нормами, действующими на территории Республики Казахстан, настоящим Положением.

Основные цели и задачи Отраслевой комиссии

4. Основными целями Отраслевой комиссии являются регулирование социальных и трудовых отношений и согласование интересов Сторон социального партнерства.

5. Основными задачами Отраслевой комиссии являются:

5.1. Создание эффективного механизма регулирования социальных, трудовых и связанных с ними экономических отношений.

5.2. Содействие обеспечению социальной стабильности и общественного согласия на основе объективного учета интересов всех слоев общества.

5.3. Содействие в обеспечении гарантий прав работников в сфере труда, осуществление их социальной защиты.

5.4. Содействие процессу консультаций и переговоров между сторонами социального партнерства на всех уровнях.

5.5. Содействие разрешению коллективных трудовых споров.

5.6. Выработка предложений по реализации государственной политики в области социально-трудовых отношений.

5.7. Обеспечение равноправного сотрудничества Министерства, Профсоюза, Работодателей при выработке общих принципов регулирования социально-трудовых отношений на уровне организации.

5.8. Содействие ведению коллективных переговоров, подготовке и заключению региональных отраслевых соглашений между Профсоюзом, Работодателями и органами местного государственного управления.

5.9. Организация и контроль за ходом выполнения условий Отраслевого соглашения.

5.10. Развитие и распространение опыта социального партнерства.

5.11. Взаимодействие с Республиканской трехсторонней комиссией по социальному партнерству и регулированию социально-трудовых отношений.

Основные функции Отраслевой комиссии

6. Функциями отраслевой комиссии являются:

6.1. Обеспечение исполнения Сторонами Генерального соглашения, решений республиканской трехсторонней комиссии.

6.2. Рассмотрение (по инициативе Сторон) программных и стратегических документов отрасли.

6.3. Разработка и согласование мероприятий по предупреждению и предотвращению социально-трудовых конфликтов и забастовок.

6.4. Согласование мер, направленных на обеспечение занятости и сокращение уровня безработицы.

6.5. Заключение отраслевого соглашения и осуществление мониторинга за его исполнением.

6.6. Разработка основных принципов системы оплаты труда отрасли.

6.7. Утверждение отраслевой рамки квалификации.

6.8. Формирование Совета по безопасности и охране труда.

6.9. Формирование Совета по трудовому арбитражу для предупреждения и разрешения коллективных трудовых споров.

6.10. Формирование группы наблюдателей для участия в разработке и принятии соглашений и коллективных договоров.

6.11. Формирование координационного центра по развитию кадрового потенциала и квалификаций.

6.12. Осуществление иных функций, направленных на реализацию основных целей и задач отраслевой комиссии.

Права Отраслевой комиссии

7. Отраслевая комиссия в целях выполнения возложенных на нее основных задач имеет право:

7.1. Рассматривать на своих заседаниях проблемы проведения согласованной политики в области социальных и трудовых отношений.

7.2. Согласовывать интересы исполнительных органов, объединений работодателей и работников при разработке проекта соглашения, реализации указанного соглашения, выполнении решений комиссии.

7.3. Запрашивать у исполнительных органов, работодателей и (или) представителей работников информацию о заключаемых и заключенных соглашениях, регулирующих социальные и трудовые отношения.

7.4. Осуществлять контроль за выполнением своих решений, а в случае их неисполнения ответственными лицами направлять соответствующей стороне социального партнерства информацию с предложениями по устранению выявленных нарушений и привлечению к ответственности лиц, виновных в невыполнении условий соглашения.

7.5. Запрашивать и получать у исполнительных органов информацию о социальном положении, необходимую для ведения коллективных переговоров и подготовки проекта соглашения, организации контроля за выполнением указанного соглашения.

7.6. Вносить предложения по разработке нормативных правовых актов в области социальных и трудовых отношений на рассмотрение уполномоченных государственных органов.

7.7. Создавать рабочие группы с привлечением ученых и специалистов.

7.8. Приглашать на заседание комиссии работников исполнительных органов, общественных объединений, а также независимых экспертов.

7.9. Принимать совместные соглашения и решения, которые обязательны для рассмотрения и исполнения в установленные комиссией сроки исполнительными органами, объединениями работодателей и работников.

7.10. Принимать участие в проведении международных, республиканских, межрегиональных совещаний, конференций, конгрессов, семинаров по вопросам социальных и трудовых отношений и социального партнерства в порядке, согласованном с организаторами указанных мероприятий.

Состав и порядок формирования Отраслевой комиссии

8. Принципами формирования отраслевой комиссии являются:

8.1. Обязательность участия представителей органов исполнительной власти, представителей работодателей и работников в деятельности комиссии.

8.2. Полномочность сторон.

8.3. Паритетное представительство.

8.4. Равноправие сторон.

8.5. Взаимная ответственность сторон.

9. Отраслевая комиссия формируется на паритетных началах из равного количества представителей Сторон – по пять человек от каждой Стороны.

10. Министерство и Профсоюз самостоятельно определяют персональный состав своих представителей и порядок их ротации.

11. Решением Отраслевой комиссии избираются из числа членов комиссии Председатель комиссии, Заместитель председателя комиссии. Председатель и Заместитель председателя не могут быть избраны от одной Стороны.

12. Отраслевая комиссия своим решением образует рабочую группу – по два представителя от каждой стороны.

13. Рабочая группа осуществляет свою деятельность под руководством координатора Отраслевой комиссии, обеспечивает подготовку заседаний комиссии.

Координатор Отраслевой комиссии

14. Координатор Отраслевой комиссии назначается совместным решением Сторон из числа лиц, не входящих в состав Отраслевой комиссии.

Координатор Отраслевой комиссии:

14.1. Не вмешивается в деятельность сторон и не принимает участия в голосовании.

14.2. Приглашает для участия в работе Отраслевой комиссии представителей работодателей и работников, представителей органов исполнительной власти, не являющихся членами Отраслевой комиссии, а также ученых и специалистов, представителей других организаций.

14.3. Обеспечивает работу Отраслевой комиссии и рабочей группы, ведение протоколов, подготовку проектов решений и контроль за их исполнением.

14.4. Оказывает содействие в согласовании позиций сторон.

14.5. В период между заседаниями Отраслевой комиссии проводит в пределах своей компетенции консультации с представителями Сторон по вопросам, требующим принятия оперативных решений.

Принципы, организация, порядок деятельности Отраслевой комиссии

15. Отраслевая комиссия действует на основе принципов:

15.1. Равноправия Сторон.

15.2. Уважения позиций и учета интересов Сторон.

15.3. Невмешательства Сторон в дела друг друга.

15.4. Заинтересованности Сторон в участии в договорных отношениях.

15.5. Соблюдения Сторонами и их представителями законов и иных нормативных правовых актов.

15.6. Свободы выбора при обсуждении вопросов, входящих в сферу социально-трудовых отношений.

15.7. Добровольности принятия Сторонами на себя обязательств.

15.8. Реальности обязательств, принимаемых на себя Сторонами.

15.9. Обязательности выполнения соглашений.

15.10. Контроля за выполнением принятых коллективных договоров, соглашений.

15.11. Приоритета примирительных методов и процедур при разрешении разногласий.

16. Отраслевая комиссия осуществляет свою деятельность в соответствии с утвержденными планами работы, с учетом необходимости рассмотрения вопросов, требующих принятия оперативных решений.

17. Член Отраслевой комиссии:

17.1. Участвует в заседаниях Отраслевой комиссии, рабочих групп Отраслевой комиссии;

17.2. Участвует в подготовке проектов решений Отраслевой комиссии;

17.3. Выполняет поручения Председателя Отраслевой комиссии и его Заместителя.

18. Член Отраслевой комиссии вправе:

18.1. Обращаться в установленном порядке в Министерство, Профсоюз, к Работодателям и получать письменный ответ по существу поставленных вопросов в сроки, установленные законодательством.

18.2. Знакомиться с соответствующими нормативными правовыми актами, информационными и справочными материалами.

19. Решение Отраслевой комиссии считается принятым, если за него проголосовали обе Стороны. Порядок принятия решения каждой Стороной определяется этой Стороной самостоятельно.

20. Члены Отраслевой комиссии, не согласные с принятым решением, вправе требовать занесения их особого мнения в протокол заседания Отраслевой комиссии.

21. Организационное обеспечение деятельности Отраслевой комиссии осуществляется Министерством.

22. Для проведения заседаний Отраслевой комиссии Сторонами поочередно предоставляются соответствующие помещения.

23. Отраслевая комиссия проводит свои заседания по мере необходимости, но не реже двух раз в течение календарного года.